КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 02 қыркүйек № 1013-25-00-2/1367 іс Семей қаласы

Абай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы С.Балғабеков
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Теплокоммунэнерго» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «WESTGROUP» Туранский Никита Петрович

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. өсімпұлды өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Теплокоммунэнерго» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жеке кәсіпкер «WESTGROUP» Туранский Никита Петровичке мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және өсімпұлды өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «WESTGROUP» Туранский Никита Петрович мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «WESTGROUP» Туранский Никита Петровичтен «Теплокоммунэнерго» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 6 240 (алты мың екі жүз қырық) теңге өсімпұл өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «WESTGROUP» Туранский Никита Петровичтен мемлекеттің кірісіне 2 153 (екі мың жүз елу үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс

Құжатқа қол қойылған: Балғабеков С. Б., 09.09.2025
Заңды күшіне енген күні: 17.10.2025, судья Сыздыков К. С., 17.10.2025
1013-25-3-1/1497

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **С.Балғабеков**

Құжатқа қол қойылған: Балғабеков С. Б., 09.09.2025

Заңды күшіне енген күні: 17.10.2025, судья Сыздыков К. С., 17.10.2025

1013-25-3-1/1497